

ФИЛОСОФИЯ

FTAMP 02.01.45

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-21>

Н.О. ЖАНЫКУЛОВ*



*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD., аға оқытушысы, (Түркістан, Қазақстан), *e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com*

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІ МЕН ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Бала өмірге келген соң ең алдымен өзін қоршаған әлемді тануға, түсінуге ұмтылады және ол осы танымдық әрекет барысында фәлсафалық ойлаудың алғашқы қадамдарын жасайды. Алайда бүгінгі қарқынды дамыған ақпараттық қоғамда балалардың санасын бұрмалайтын, қисық танымға жетелейтін, ой-өрісін шектейтін факторлар аз емес. Сондықтан балалар үшін тек білімге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар сол білімді талдап, бағалап, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту әлдеқайда маңызды. Бұл тұрғыда философия балаларға шешім қабылдау, салыстырмалы және сыни тұрғыдан ойлану және жанашырлық таныту дағдыларын қалыптастыра отырып, олардың болмысын ашуға, жеке тұлға ретінде дамуына елеулі үлес қосады. Қазіргі таңда Қазақстанда мектеп бағдарламасында философия пәні қарастырылмаған. Алайда, әлемдік тәжірибеге сүйенсек, Батыс Еуропа, АҚШ, Канада, Австралия секілді дамыған елдерде «Балаларға арналған философия» (Р4С) бағдарламасы негізінде философиялық білім беру орта білім деңгейінде жүйелі түрде жүргізіледі. Себебі, философияны мектеп бағдарламасына енгізу тек баланың тұлғалық дамуына ғана емес, қоғамдық сананың қалыптасуына, отбасылық қатынастардың нығайтуына, елдің мәдени және рухани тұрғыда дамуына үлкен септігін тигізеді. Осы тұрғыда қазақ қоғамы үшін философияны дамыту және оған деген қызығушылықты арттыру маңызды әрі өзекті мәселе болып табылады. Қазіргі таңда еліміз түрлі ішкі және сыртқы сын-қатерлермен бетпе-бет келуде. Мысал ретінде білім беру жүйесінен бастап, жемқорлық, әлеуметтік теңсіздік, діни экстремизм, ұлттық бірегейлікті әлсіретуге бағытталған сыртқы идеологиялық ықпалдар және жаһандану үдерісіндегі мәдени ассимиляция мәселелерін атап өтуге болады. Осындай бірқатар проблемаларға қарсы тұруда философиялық білім – таптырмас рухани құрал. Философиялық және ұлттық танымы берік қаланған қоғам жаһандық рухани және экзистенциялық дағдарыстарды жеңіл еңсере алады.

Кілт сөздер: Философия, білім беру философиясы, бала философиясы, этикалық философия, сыни ойлау.

N.O. Zhanykulov

PhD, Senior Lecturer of the International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi (Turkestan, Kazakhstan), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Н.О. Жаныкулов. Балалардың ойлау жүйесі мен дүниетанымын қалыптастыруда философиялық білімнің маңызы // НИКМЕТ. – 2025. – №2 (4). – Б. 58–71. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-21>

***Cite us correctly:**

Н.О. Жаныкулов. Балалардың ойлау жүйесі мен дүниетанымын қалыптастыруда философиялық білімнің маңызы // НИКМЕТ. – 2025. – №2 (4). – Б. 58–71. <https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.1-21>

Мақаланың редакцияға түскен күні 04.06.2025 / қабылданған күні 12.06.2025.

The Importance of Philosophical Knowledge in Shaping Children's Thinking System and Worldview

Annotation. From the moment of birth, a child strives to comprehend and understand the surrounding world, taking the first steps toward philosophical thinking through this cognitive process. However, in today's rapidly developing information society, there are numerous factors that distort children's consciousness, lead to flawed perceptions, and limit their worldview. Therefore, for children, it is important not only to acquire knowledge but also to develop the ability to analyze, evaluate, and think critically. In this regard, philosophy contributes significantly to children's personal development by fostering decision-making skills, comparative and critical thinking, and empathy, helping them to understand their own identity and grow as individuals.

Currently, philosophy as a subject is not included in Kazakhstan's school curriculum. However, drawing on global experience, it is evident that in developed countries such as Western Europe, the USA, Canada, and Australia, philosophical education is systematically implemented at the secondary school level based on the "Philosophy for Children" (P4C) program. Introducing philosophy into the school curriculum contributes not only to the personal development of the child but also to the formation of public consciousness, the strengthening of family relationships, and the cultural and spiritual growth of the country. In this context, the development of philosophy and the promotion of interest in it is a highly important and relevant issue for Kazakh society. Today, Kazakhstan faces various internal and external challenges, including issues in the education system, corruption, social inequality, religious extremism, external ideological influences aimed at weakening national identity, and cultural assimilation within globalization processes. Philosophical education serves as an indispensable spiritual tool to counter such problems. A society with a strong philosophical and national consciousness is more resilient in overcoming global spiritual and existential crises.

Keywords: Philosophy, philosophy of education, children's philosophy, ethical philosophy, critical thinking.

Н.О. Жаныкулов

PhD, старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, (Туркестан, Казахстан), e-mail: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

Значение философского образования в формировании мышления и мировоззрения детей

Аннотация. С момента рождения ребёнок стремится познать и понять окружающий мир, совершая в ходе этого познавательного процесса первые шаги в философском мышлении. Однако в современном стремительно развивающемся информационном обществе существует множество факторов, искажающих сознание детей, ведущих к неправильному восприятию и ограничивающих их кругозор. Поэтому для детей важно не только получение знаний, но и развитие умений анализировать, оценивать и критически мыслить. В этом контексте философия способствует формированию у детей навыков принятия решений, сравнительного и критического мышления, а также эмпатии, что значительно способствует их самопознанию и развитию как личности. В настоящее время предмет философии отсутствует в школьной программе Казахстана. Однако, опираясь на мировой опыт, в таких развитых странах, как Западная Европа, США, Канада и Австралия, философское образование на основе программы «Философия для детей» (P4C) систематически внедряется на уровне среднего образования. Введение философии в школьные программы способствует не только личностному развитию детей, но и формированию общественного сознания, укреплению семейных отношений, а также культурному и духовному развитию страны. В этом контексте развитие философии и

повышение интереса к ней является важной и актуальной задачей для казахского общества. В настоящее время Казахстан сталкивается с различными внутренними и внешними вызовами, включая проблемы в системе образования, коррупцию, социальное неравенство, религиозный экстремизм, внешнее идеологическое воздействие, направленное на ослабление национальной идентичности, а также культурную ассимиляцию в условиях глобализации. В противостоянии этим вызовам философское образование выступает незаменимым духовным инструментом. Общество с прочным философским и национальным сознанием способно более эффективно преодолевать глобальные духовные и экзистенциальные кризисы.

Ключевые слова: философия, философия образования, детская философия, этическая философия, критическое мышление.

N.O. Zhanykulov

Dr., Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi Kıdemli Öğretim Üyesi (Türkistan, Kazakistan), e-posta: nurlybek.zhanykulov@gmail.com

Çocukların Düşünme Sisteminin ve Dünya Görüşünün Oluşumunda Felsefi Bilginin Önemi

Özet. Çocuk dünyaya geldikten sonra öncelikle kendisini çevreleyen dünyayı tanımaya ve anlamaya çalışır ve bu bilişsel süreçte felsefi düşüncenin ilk adımlarını atar. Ancak günümüzün hızla gelişen bilgi toplumunda çocukların zihnini çarpıtan, yanlış bir algıya yönlendiren ve düşünce ufkunu daraltan birçok faktör bulunmaktadır. Bu nedenle çocuklar için sadece bilgiye ulaşmak değil, aynı zamanda bu bilgiyi analiz etmek, değerlendirmek ve eleştirel düşünme yeteneğini geliştirmek çok daha önemlidir. Bu bağlamda felsefe, çocuklara karar verme, karşılaştırmalı ve eleştirel düşünme, empati kurma becerileri kazandırarak onların varoluşlarını keşfetmelerine ve birey olarak gelişmelerine önemli katkı sağlar. Günümüzde Kazakistan’da okul programlarında felsefe dersi bulunmamaktadır. Ancak küresel deneyime baktığımızda, Batı Avrupa, ABD, Kanada, Avustralya gibi gelişmiş ülkelerde “Çocuklar için Felsefe” (P4C) programı temelinde felsefi eğitim ortaöğretim düzeyinde sistemli olarak yürütülmektedir. Çünkü felsefenin okul müfredatına dahil edilmesi, sadece çocuğun kişisel gelişimine değil, toplumsal bilincin oluşmasına, aile ilişkilerinin güçlenmesine ve ülkenin kültürel ve manevi açıdan gelişmesine de büyük katkı sağlar. Bu açıdan Kazak toplumu için felsefeyi geliştirmek ve ona olan ilgiyi artırmak önemli ve güncel bir mesele olarak karşımıza çıkmaktadır. Günümüzde ülkemiz çeşitli iç ve dış tehditlerle karşı karşıyadır. Örneğin eğitim sisteminden başlayarak yolsuzluk, sosyal eşitsizlik, dini aşırılık, ulusal kimliğin zayıflatılmasına yönelik dış ideolojik etkiler ve küreselleşme sürecinde kültürel asimilasyon sorunları sayılabilir. Bu tür sorunlarla mücadelede felsefi bilgi vazgeçilmez bir manevi araçtır. Felsefi ve ulusal bilinci sağlam temellere dayanan bir toplum, küresel manevi ve varoluşsal krizleri kolaylıkla aşabilir.

Anahtar kelimeler: Felsefe, eğitim felsefesi, çocuk felsefesi, etik felsefe, eleştirel düşünme.

Кіріспе

Қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық тұрғыдан дамуына, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін маңызды құралдардың бірі — білім беру жүйесі. Бұл жүйе үш негізгі құрамдас бөліктен тұрады: оқушы, оқытушы және оқу бағдарламасы (Домбаусі, 2008: 21). Осы элементтердің ішінде оқытушы мен оқу бағдарламасы — білім беру үдерісінің көзделген мақсаттарға сай жүзеге асырылуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (Girgin, 2011: 12).

Қазіргі таңда қолданылып жүрген білім беру жүйесінде технология маңызды орын алады және бұл құбылыс бір жағынан ізденушіге зор мүмкіндік сыйлағанымен екінші бір

жағынан оларды жаттанды оқуға итермелеуде. Ал шын мәнінде білімнің негізінде тұлғаның ақпаратты жай жаттап алу емес, оны өз танымымен талдап, саралап, сын көзбен қабылдап, өмірде қолдана білуі көзделеді. Яғни, заманауи білім беру – технологияның озық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушыны білім процесінің орталық мәселесіне айналдыруды мақсат етеді.

XX ғасырда еркіндікке ұмтылу, жауапкершілік алу, рационалдық және сыни тұрғыдан ойлау, либералды көзқарасты ұстану – білім берудің маңызды құрамдас бөліктері ретінде алдыңғы қатарға шықты. Сондықтанда қазір әлемдегі білім жүйесінде балалардың ойлау қабілетін дамыту мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі таңда көптеген балалар жаһанданған әлем мен медианың ықпалымен жасанды ортада өсіп келеді. Негізгі проблема – бала кезде бойымызда болған дүниеге деген қызығушылық пен таңданыс сезімдерінің уақыт өте келе жоғалуы. Бұл құбылыс қазіргі таңда әлем елдеріндегі білім беру мекемелерінде жиі байқалады. Жүргізілген зерттеулер де бұл жағдайды растайды, сондықтан бұл мәселені жан-жақты зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алу бұрынғыдай мұғалімнен ақпаратты тікелей алу арқылы жүзеге аспайды. Бүгінгі таңда оқушылардың алып жатқан ақпараттарының қайнар көздері бір батырманың ар жағындағы компьютерге барып тіреледі. Сондықтан қазіргі мектептің басты міндеті – осы ақпараттардан мағыналы, мазмұнды, пайдалы және дұрыс білім өндіру жолдарын үйрету және деректерді сыни көзқараспен бағалауға баулу. Оқушыны жаттанды білімнен арылтып, өздігінен ойлай алатын тұлғаға айналдыру. Осы орайда балаларға өзі өмір сүріп жатқан әлемді сыни тұрғыда сұраққа тарта алатын, себеп-салдар байланыстарын орната алатын ойлау қабілеттерін дамыту, оларды түрлі ықпалдарға қарсы тұра алатын, өз бетінше саралай білетін тұлға ретінде қалыптастыру – біздің басты міндетіміз. Ал бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жолы – ойлау (таным) арқылы тәрбиелеу, яғни ойлау біліктілігін дамытуға негізделген білім беру жүйесін қалыптастыру (Direk, 2020: 9-10).

Адаманың ойлау жүйесін философиядан бөлек қарастыру мүмкін емес. Себебі философияның өзі – ойлаудың өзіндік көрінісі. Философияның анықтамасына назар аударсақ: «Философия шындықты тұтас күйінде, барлық қырынан зерттеу деген сөз. Философиядан басқа ғылымдардың барлығы нақты бір саланың жекелеген бөліктерін ғана қарастырса, философия – шындықтың жалпы және түпкі негіздерін зерттейтін әмбебап ғылым» (Ergün, 2021: 27). Демек, білім беру де – философияның аясындағы жеке бір бағыт. «Философия – бастапқы, ең іргелі, негіз қалаушы ғылым. Алғашқы кезеңдерде барлық ғылымдар философияның құрамында болған. Кейіннен әр ғылым өз тақырыбы мен әдістемесін айқындап, философиядан даралана бастады» (Ergün, 2021: 27). Алайда білім беру – жеке пән ретінде бөлінгенімен, философия, тәрбие және олардың арқауындағы бала ұғымынан толықтай ажырап кетпеді, керісінше бір-бірімен тығыз байланысты берік құрылымға айналды.

Байқағанымыздай балаларға арналған философиялық білім беру жүйесі «тәрбие/білім беру», «философия» және «бала» ұғымы сынды құрылымдық элементтерден құралған. Қолға алып отырған зерттеу жұмысында аталмыш ұғымдардың тарихи үдерістегі орны, маңызы және қолдану формалары жан-жақты қарастырылып, талданады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – балалардың табиғи қызығушылығы негізге алына отырып, философиялық іс-әрекеттер арқылы жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін дамыту. Сонымен қатар шығармашылық ойлау, терең талдау жасау, өз пікірін дәлелдермен қорғау, түрлі көзқарастарға құрметпен қарау сынды когнитивтік және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру мақсат етіледі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысында балалар философиясының мәні, тарихи дамуы және білім беру жүйесіндегі орны теориялық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы қарастырылды.

Тақырыпқа қатысты зерттеу жасаған философтардың (Сократ, Леонард Нельсон, Джон Дьюи, Мэтью Липман т.б.) ғылыми көзқарастары сараланып, контент-талдау әдісімен түрлі елдердің тәжірибелері салыстырылды. Сонымен қатар, Сократтық диалог, проблемалық сұрақтар мен ұжымдық рефлексия секілді әдістер жүйеленіп, олардың оқу үдерісіндегі қолданысы жіктелді. Бұл тәсілдер зерттеу нысанын жан-жақты қарастырып, ғылыми негізделген тұжырымдар жасауға зор мүмкіндік берді.

Талдау мен нәтижелер

Бүгінгі модернизация, жаһандану және ғылым әлеміндегі жаңалықтар мен жетістіктер, қоғамдағы теңдік, даралық, еркіндік, және құқық ұғымдарының қалыптасуы, мемлекеттердің бір-бірімен бәсекелесіп, артта қалмауы үшін алға қарай ұмтылуы — үнемі үздіксіз өзгеріп жатқан әлемдегі саясат, экономика және білім беру бағыттарының түрленуіне алып келді. Осы өзгерістер мемлекеттердің білім беру ісіне бет бұруына, әртүрлі білім беру бағыттарының, анықтамалар мен көзқарастардың қалыптасуына себеп болды. Осы орайда білім беруге байланысты ортаға шыққан негізгі анықтамаларға тоқтала кетсек, білім беру бұл — адамның өзіне тән қабілеттері мен мүмкіншіліктерін, қалаулары мен қызығушылықтарын ең жоғары деңгейге дейін жетілдіру үшін қажетті қоршаған орта мүмкіндіктерін ұйымдастыру. Тағы бір анықтамаға сәйкес, білім беру — адамның мінез-құлқында өз тәжірибесі арқылы және мақсатты түрде қажетті өзгерістерді қалыптастыру процесі (Ergün, 2021: 27). Философия ғылымы «бала» және «білім беру» ұғымдарымен қатар қолданғанда «білім беру жүйесінде философияның орны қандай?», «Балалармен философия арасында қандай байланыс бар?», «Бүгінгі буынға философиялық таным не үшін қажет? Бұл білім баланың тұлғалық кемелденуіне қалай ықпал етеді?» сынды сұрақтар сөзсіз ортаға шығады. Бұл сұрақтарға жауап бермес бұрын алдымен философия ғылымының анықтамасы мен сипаттамасына тоқталып өтсек.

Философия — ойлау, түсіну және мағына беру талпынысы ретінде сипатталатын адамзаттың ең көне әрі үздіксіз жалғасып келе жатқан ғылым салаларының бірі. Платонның көзқарасы бойынша философия – ақиқат пен болмысты тану мақсатында жүргізілетін жүйелі ой ізденісі болса, Аристотель үшін ол – болмыстың негіздерін зерттейтін ғылым (Akarsu, 1998: 80). Ғылыми әдебиетте философияның бастауы көбінесе антикалық грек ойшылдарымен байланыстырылғанымен философиялық ой әр дәуірде және әртүрлі географиялық кеңістікте жазбаша не ауызша түрде – мифтерде, эпостарда, халық ертегілерінде әрдайым өмір сүріп келген. Сөздік мағынасы бойынша «даналықты сүю» немесе «хикметті іздеу» (Socio, 2010: 28) деп түсіндірілетін философия – адамның сұрақ қою, ой елегінен өткізу және логикалық пайымдау қабілетіне негізделген таным формасы.

Философиялық ой мен көзқарасты қалыптастыру білім мен тәрбие арқылы жүзеге асатындықтан, философияны кешенді түрде оқыту аса маңызды. Философияны меңгеру тек философтардың идеяларын жаттап білу емес, сол идеяларды терең түсініп, санамен қабылдауды талап етеді (Öner, 1999: 497). Философиялық білім беру – ең алдымен адамның өмірлік дағдыларын танып, оларды жетілдіру мен тұрақты етуге бағытталған әрекет. Бұл – адамның бүкіл өмірі бойындағы тәжірибелерін қамтитын үздіксіз білім беру үдерісі (Taşdelen, 2007).

Баламен философияның арақатынасы

Адамзаттың сұрақ қоюға деген қажеттілігін әсілінде философтар мен балалар өтеуге тырысады. Философтар мен балалар арасында жақын бір ұқсастық бар: балалар да философтар сияқты өз сұрақтарының жауабын табуға табандылықпен, қайсарлықпен ұмтылады. Егер олар жолай кездескен жауаптарға қанағаттанбай, сол бала күйін — яғни сұрақ қоя білетін, ізденгіш рухын — сақтай отырып өссе, ересек жасқа келгенде айналысатын ісін біз «философия» деп атаймыз.

Балалар өмірге философтар сияқты қарайды. Олар философ секілді өз ортасын түсінуге тырысады, айналасындағы құбылыстарға алдын ала тұжырымсыз, ашық көзқараспен қарайды. Жағдайлар мен оқиғаларға үкім шығармайды. Яғни, философияға тән негізгі қасиеттер адамның бала кезеңінде айқын көрініс табады. Олар философиялық сұрақтарды талқылауға ерекше қызығушылық танытады. Балалар — мәдениет, жүйе немесе технология ықпалынан тыс, қоршаған ортасын қызығушылықпен зерттейді. Бала мен философия арасындағы ең ерекше ұқсастық — тек білу үшін білгісі келуі. Себебі жай ғана білуге ұмтылу — философиялық сананың алғашқы әрі маңызды шарты. Балалар да, философтар сияқты, бай болу немесе билік ету үшін емес, тек білу үшін білуге ұмтылады (Erkızan, 2002: 61-75).

Балаларға философиялық таным не үшін қажет?

«Балалық шақ — адам өміріндегі әлі толық ашылмаған ерекше кезең. Бұл кезеңнің ерекшелігі – адамның дүниемен алғаш рет бетпе-бет келуі, болмыс жайлы алғашқы түсінік -танымдардың қалыптаса бастауы, сондай-ақ өсу мен кемелденудің, физиологиялық, танымдық және әлеуметтік дамудың аса қарқынды жүретіндігімен түсіндіріледі (Taşdelen, 2014: 562). Әсіресе 4 пен 8 жас аралығын қамтитын мектепке дейінгі және бастауыш мектеп кезеңіндегі балалар тек физикалық тұрғыдан емес, сонымен қатар зияткерлік және психологиялық тұрғыдан да жылдам, сергек әрі икемді болады. Бұл – баланың қиялы шексіз, шығармашылық қабілеті жоғары, ешбір догма мен қатып қалған көзқарасқа бағынбайтын, белсенді түрде сұрақ қойып, сол сұрақтарды түрлендіріп, жаңаша көзқараспен қайта пайымдай алатын, тұлғалық негізі қаланатын ерекше кезең. Бұл кезеңде балада сырқылмайтын ерекше қызығушылық пен ізденіс құмарлығы оянады. «Балалар да философтар секілді – білмейтін, бірақ білгісі келетін нәрселерге табиғи қызығушылықпен қарайды» (Erdoğan, 2018: 1). Осы бір қызығушылық сезімі оларды философияға бағыттайды. Себебі, философия дәл осы қызығушылықтан бастау алады. Адам қызыққан нәрсесіне іштей ұмтылады, сол ынта баланы философ секілді ойлануға, сұрақ қоюға итермелейді.

Мэттьюз, философияны «ересек адамның ақиқатты тануға деген балаша ұмтылысы» деп босқа сипаттамаған. Ол философиямен айналысудың басты шарты – баланың таза, пәк сауал қою құлшынысы екенін тілге тиек етті (Tozduman Yarah, 2020: 68). Философиялық ойлау арқылы ересек те өзінше тазарып, баладай пәк күйге енеді. Яғни ол барлық алдын ала қалыптасқан пікірлерден арылып, тек өз қызығушылығы негізінде тануға бет бұрады. Сондықтан «философ, философиямен айналысқанда баладағыдай таза көзқараста болуға мұқтаж» (Erdoğan, 2018: 2). Мысалы, балалар өмірдің философиялық жұмбақтарына ересектерден гөрі көбірек ашық болады. Олар түнде «Құдай шын мәнінде бар ма?», «Уақыт неге осылай өтеді?», «Неліктен өлеміз?», «Түс – шынайы ма, әлде елес пе?», «Өмірдің мәні неде?» деген сауалдарды ой елегінен өткізеді. Осындай үлкен сұрақтарды олар санада пісіріп, терең рухани ізденіске түседі. Әлем жайлы ерекше қызығушылықпен қарайтын балалар, тіпті ересектердің көпшілігі бағалай бермейтін адам болмысы мен қоғамның негіздерін зерттеуде ерекше табиғи қабілет танытады (Sormaz Ögüt, 2019: 59). Бала қиялы мен қызығушылығы шарықтап тұрған бұл шақты философиялық біліммен толтыру арқылы шешім қабылдау, креативтілік пен сыни ойлау, талдау, басқа көзқарастарға құрметпен қарау, өз пікірін дәлелмен қорғау, себеп-салдарлық байланыстарды жүйелі пайымдау сияқты қабілеттерін дамытып, ол тек ақпарат тұтынушысы емес, сонымен қатар ізденуші, сыншы әрі ойлаушы тұлғаға айналады. Ендеше баланың көкірегіне философиялық білімді, құндылықты қалай қондырамыз? Баланы философиялық іс-әрекетке қалай қатыстырамыз? деген сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Білім мен түсінік тәжірибе мен мәтіндер арқылы және сонымен қатар басқа адамдармен жүргізілетін диалог пен дәлелдеудің (аргументация) нәтижесінде пайда болатыны белгілі. Алайда, әлемдегі көптеген мектептерде пікірталас немесе диалог

әрекеттері, көбіне мұғалімнің басқаруымен өтіледі және бұл тек ақпарат алмасу, фактіні тексеру немесе пікір алмасу деңгейінде ғана шектеліп қалады. Философиялық диалогтың мақсаты тек пікір алмасу ғана емес, «қалай болуы мүмкін» немесе «қалай болуы тиіс» деген секілді мәселелерге жауап іздеу (İlhan Tunç, 2017: 76). Әрбір адам, тым болмағанда тыңдау, түсіну немесе байланыс орнату арқылы диалогқа қатысуы қажет. Сол арқылы диалогқа қатысушы, философтар секілді, өздері білмейтін әрі түсінбейтін нәрселердің бар екендігіне көз жеткізеді.

Білім мен түсініктің қалыптасуында – ойлау мен сөйлеудің де маңызы рөлі бар. Сондықтан оқушылар қателесуден қорықпай, дұрыс айтып жатқанына сенімді болмаса да, өз ойларын еркін білдіруі тиіс. Осылайша балалар қателіктер мен жаңсақ түсініктердің де білімге апарар жол бола алатынын ұғына бастайды. Ал мұғалімдер, бұл тұрғыда оқушыларға мүмкіндік беріп, олардың қателіктерін бағалай білуі қажет (Borresen, 2013).

Адамдар белгілі бір сенімді жалпы қабылдағанда, бұл сенімді тереңірек түсіну үшін өзгелердің пікірін тыңдап, зерттеуді жалғастыруы керек. Әсіресе балалармен жүргізілетін философия – бұл бірлесе отырып үйренетін үдеріс; онда басқалардың білімі, тәжірибесі мен идеяларынан көмек алынады. Сондай-ақ оқушыларға философиялық сұрақтар қойып, әртүрлі тақырыптар мен ғылым салаларына қатысты ой қозғау арқылы да философиялық қабілеттерін ашуға болады. Мысалы:

- Тіл қалай пайда болды? Тілдер ойлап табылған ба? (Тіл)
- Сандарды қолданбасақ, олар қайда болады? (Математика)
- Түрмеде отырған адамдар қаншалықты еркін? (Әлеуметтік ғылымдар)
- Зандар бостандығымызды шектей ме? (Қоғам/Азаматтық)
- Әділдікті кім және неге қарап анықтайды? (Этика/Құқық)
- Бір нәрсені әдемі ететін не нәрсе? (Өнер/Эстетика)

Яғни, осы сынды сұрақтар қойып, оған жауап іздеу арқылы бала тек философиямен ғана емес, өзге ғылым салаларымен де жақын таныса бастайды. Сұрақ қою Сократ айтқандай философияның бастауы. Алайда философиялық сұрақтарға жауап табу қиынның қиыны. Бір-бірінен өзгеше, тіпті бір-біріне қарама-қайшы жауаптар берілуі мүмкін. Философия адамға мәселені анықтауды (мысалы, күнделікті өмірдегі этикалық мәселелерді), сол мәселе жайлы ойлануды, этикалық тұрғыдан тұжырым жасап, оны өмірде қолдануды үйретеді. Әдетте балалар «махаббат деген не?», «ережені кім қояды?», «дұрыс деген не?», «уақыт деген не?», «ең жақсы дос қандай болады?» деген сияқты сұрақтар қойып, философияны күнделікті өмірде қолданады. Бірақ өздерінің пәлсапа жасап жатқандарын біле бермейді. Мұндай философиялық сұрақ қоятын немесе жауап беретін балалардың мұндай дағдыларын одан әрі дамыта түсу қажет.

Балалардың философиялық іс-әрекеттерге қатысуы – олардың дұрыс ойлау, өз ойын еркін жеткізу, пайымдау, пікірталасқа қатысу дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Сыныпта философиямен айналысу – балаларға ұжымдық пікірталас тәжірибесін қалыптастырып, оларды өзгелердің көзқарастарын тыңдауды және құрметпен қарауды үйретеді. Философиялық әдіс балалардың өмірде көрген, бастан кешкен жайттарын соқыр сеніммен қабылдамауына, керісінше, оларды зерттеп, ой елегінен өткізуіне, дұрыс пен бұрысты ажыратып, өзін-өзі бағалауға, әділдікке ұмтылып, этикалық құндылықтарды бойына сіңіруіне ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, философия пәні тұлғаға және оқиғаларға жан-жақты қарауды, ойлар арасында қайшылыққа түспей, жүйелі әрі бірізді ойлауды, пікірталас жүргізуді, шешім қабылдауды, сұрақ қоюды, сыни пайымдауды және өз көзқарасын негіздеуді үйретеді (Günay, 2011:163-167). Р.Арсилияның пікірінше, философияның рөлі тек білім берумен шектелмейді. Ол адамға ойлау арқылы бүкіл өмірінде қолдана алатын өзіндік сенімділікті қалыптастырады. Котник болса, философия пәнінің тұлғаға жеке тәжірибе мен өзіне сенімділік сыйлайтынын, болжау және түсіну қабілетін дамытатынын, сондай-ақ негізгі ұғымдарды талқылау арқылы терең тәжірибе беретінін айтады. Ал Л. Беллаталла

философия білімінің адамға адамзат үшін маңызды сұрақтарды қоюға, өткен, қазіргі және болашақ арасындағы байланысты түсінуге, этникалық, мәдени және діни айырмашылықтарға төзімділікпен қарауға, сондай-ақ медиа, ғылым және саясат қолданатын күнделікті тілді сараптауға мүмкіндік беретінін атап өтеді (Ünsal, 2016: 3173).

Балаларға арналған философия сабақтарының тиімділігіне қатысты зерттеулер бұл әдістің балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін шыңдауға, себеп-салдар байланысын құруға, өзіндік сенімділік, тіл, сыни ойлау және математикалық қабілеттерін ашуға көмектесетінін көрсетеді (Gür, 2010: 43-54). Сонымен қатар философиялық сұрақтармен жұмыс істеу балаларға маңызды ұғымдарды ашуға, бір мәселеге әртүрлі қырдан қарау және ойлау дағдыларын дамытуға үлкен үлес қосады (Gregory, 2008).

Балалар философиясы: білім беру әдістері мен оның танымдық және әлеуметтік маңызы

Қазіргі таңдағы балаларға арналған философиялық әдістің қалыптасуына ықпал еткен көптеген ойшыл бар. Олардың басында сөзсіз Сократтың есімі келеді. Себебі, Афиналық философ Сократ, сұрақ қоюға негізделген диалогтары (сократтық әдісі) арқылы қазіргі балаларға арналған философиялық әдістердің алғашқы дәнін екті. Сократ әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдармен жас ерекшеліктеріне, мамандықтарына қарамастан сан алуан тақырыптарда әсерлі диалогтар жүргізді. Міне осы бір топпен философия жасау және пікірталас жүргізу дәстүрі оның өлімінен мыңдаған жылдар өткен соң заманауи философтар тарапынан қайтадан күн тәртібіне енгізілді (Ғауһ, 1995). Сократ философияны жай ғана философия үшін емес, білімге және рухани жетілуге жол табу үшін қолданған. Адамға сырттан белгілі бір ұғымдар немесе мәліметтер жүктеудің орнына, оларды өз бойынан табуға үндеді.

Неміс философы Леонард Нельсон (1882-1927), 1920-жылдары Сократтың ғылымын заман талаптарына сай етіп қайта бейімдеп, сократтық сұрақтау әдісінің заманауи нұсқасын білім беру саласына енгізді (Mitchell, 2006: 181-197). Бұл әдіс белгілі бір сатылардан тұрады. Алдымен топ талқылағысы келетін және қатысушылардың барлығы шын мәнінде қызығатын тақырып таңдалады. Екінші қадам — топ үшін ең ауқымды сұрақты табу. Соңғы қадам — бұл әдістің ең маңызды әрі уақытты талап ететін бөлігі. Пікірталас жетекшісінің басшылығымен топ мүшелері өз тәжірибелеріне сүйене отырып сұраққа қатысты мысалдар келтіріп, талқылауды жалғастырады.

Философиялық білім беру бағытында елеулі еңбек сіңірген қайраткерлердің бірі - Джон Дьюи (1859-1952). Ол әлемдегі алғашқы білім беру философы ретінде танылған (Dewey, 2007: 7). Дьюи білім беруді тұтас жүйе ретінде қарастырып, теория мен практиканы біріктіруге тырысты. Қазіргі кезде жиі естілетін «жасап-үйрену» ұғымының негіздері Дьюидің білім беру философиясына негізделгенін айтуға болады. (Dewey, 2007: 112). Оның білім беру философиясындағы маңызды тұжырымдарының бірі — «демократиялық білім беру» идеясы. Яғни, ол жеке тұлғалар арасында мүмкіндіктер мен жағдайлардың теңдігін қамтамасыз етуді мақсат етті. Оның пікірінше, мемлекет әлеуметтік тұрғыдан осал жағдайдағы балалардың басқа барлық балалармен тең жағдайда білім алуына мүмкіндік беруі тиіс. «Балаларға арналған философия» бағдарламасының негізін қалаушы Мэтью Липман да (1922-2010) Дьюидің осы көзқарастарынан үлкен әсер алған. Ол да балаларға арналған философия білімінде демократиялық мәдениетті дамытуды аса маңызды деп санады (Noddings, 2020: 34).

Мэтью Липманның философия саласында жасаған ең ірі жұмыстарының бірі ол - балаларды философиямен ерте жастан таныстыру идеясын ортаға тастады. Колумбия университетінде логика және философия пәндерінен сабақ берген Мэтью Липман (1923-2010) 1960 жылдардың басында өзінің жүргізген зерттеулері нәтижесінде бірқатар тәжірибе жинақтайды. Ол оқушыларының ойды дамыта білу қабілетінің әлсіз екенін байқап, бұл

жетіспеушіліктің түп-тамырын балалық кезеңнен іздеу қажеттігін түсінді (Karakaya, 2006: 23-27). Осылайша ол, ойлау, пікір қылу, ұғымдар туралы тұжырым жасау сынды дағдыларды адамның балалық шағында қалыптастыру қажет деген тұжырымға келеді. Липманның пікірінше, бұл қабілеттерді ересек шақта дамыту өте қиын. Ал бала кезіндегі жоғары деңгейдегі үйрену құштарлығы мұндай дағдылардың ең орнықты түрде қалыптасуына мүмкіндік береді. Липман балалармен жүргізген философиялық жұмыстарында көркем әдебиет туындыларын пайдаланған. Ол балаларға әңгімелер оқып беріп, кейін сол әңгімелерге қатысты түрлі сұрақтар мен мәселелер төңірегінде пікірталастар ұйымдастырған. 1967 жылы ол балаларға арналған «Гарри Стоттлемайердің жаңалығы» атты философиялық романын жазды. Бұл кітап балалар, жасөспірімдер және мұғалімдер үшін шын мәнінде «Философияға кіріспе» еңбегіне айналды. Кітаптың мақсаты тек философияны оқыту емес, оны қоғам өміріне енгізу болды. Әр бөлімінде философияның түрлі салаларына тоқталып, философиялық жаттығулар мен сұрақтар арқылы қолданбалы философия жөнінде бағыт-бағдар беретін құралға айналды. Липманның «Сұрақ қоюшы қауымдастық әдісі» бүгінде әлемде ең көп қолданылатын әдістердің бірі. Бұл әдістің негізгі элементтері — қауымдастық, жетекші (фасилитатор) және түрткі (стимул). Осыған сәйкес, балалар белгілі бір түрткі элемент (әңгіме, сурет, видео, зат және т.б.) төңірегінде жиналып, осы материал негізінде сұрақ қоюға және фэлсапа жасауға кіріседі. Мұнда оқытушы – дұрыс жауап беретін адам емес, балаларды ойлануға және сөйлесуге ынталандыратын тұлға рөлінде болады. Липман бұл әдісті балаларға философия жасауды үйрету деп сипаттайды (Özdemir, 2018). Ол бұл әдісті тек философия пәнінде ғана емес, барлық оқу пәндерінде қолдануға болатын жаңа оқыту тәсілі ретінде ұсынады.

Философияны оқытудың нәтижесінде қалыптасатын — сұрақ қоя білу, сыни тұрғыдан және креативті ойлау, кең көзқарас қалыптастыру, мәселені шешу сияқты дағдылар тек философия саласында ғана емес, жалпы барлық ғылым салаларында, академиялық және кәсіби білім беруде де кеңінен қолдануға және адамзаттық құндылықтарды меңгеруге зор мүмкіндік береді (Қос, 2020: 13). Алайда бұл дағдылардың жүйелі түрде дамуы үшін орта білім беру деңгейінде философия пәнінің оқытылуы және сол пәнге негізделген сапалы оқу бағдарламасы жасалуы қажет.

Балалардың сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту үшін философияны мектеп бағдарламасында оқыту қажеттігін насихаттап, бұл бағытта бірқатар зерттеулер жасаған Австралиялық философ М. Соуей, оқушылардағы философиялық рухты ояту үшін оларға өмірдің саяси, этикалық және эстетикалық аспектілеріне байланысты ерте жастан бастап сана қалыптастыру қажеттігін айтады. Оның пікірінше балаларды ертерек философиялық диалогтармен таныстыра отырып, оларға басқа адамдардың тәжірибелері мен пікірлеріне терең эмпатия сезімімен қарауды, келеңсіздіктер мен түсініспеушіліктер орын алған жағдайда ақылмен шешуді үйрету қажет (Sowey, 2013). Философияны мектеп бағдарламасына енгізудің тиімділігін атап өткен К.Уеллер де философия пәнінің 11-сыныпта өтілуінің тым кеш екендігін айтып, философияның балабақшадан бастап университетке дейін барлық оқу сатысында оқытылуы қажеттігін алға тартады (Weller, 2015). Бұл біз үшін ойланарлық және өнеге аларлық құбылыс. Себебі, елімізде балабақша тұрмақ мектеп бағдарламасында философия пәні мүлдем қарастырылмаған. Философия пәнінің мектеп бағдарламаларында болмауы тек Қазақстанға ғана емес, сонымен қатар көптеген посткеңестік елдерге тән жағдай. Бұл елдерде білім беру жүйесі әлі де болса кеңестік кезеңнің идеологиялық мұрасынан толық арылып, заманауи талаптарға сай реформаланбаған. Нәтижесінде, оқушылар сыни ойлау, логикалық талдау, этикалық пайымдау сияқты маңызды дағдыларды мектеп қабырғасында меңгеруге мүмкіндік ала алмай отыр. Еліміз әлемдік өркениетке жалғануы үшін білім беру жүйесінде маңызды қадамдар жасап, философия пәнін мектеп бағдарламасына енгізу аса қажет деп санаймын.

Борресеннің пікірінше, мектептерде көп жылдар бойы философия сабағы жүргізілгеннен кейін, балалармен философия жасау, философиялық диалогқа түсу – едәуір оңай. Мысалы, Шотландияның Клакмананшир және Швецияның Стокгольм қалаларында жүргізілген жобаларда философиялық диалогтарға тұрақты түрде қатысқан оқушылардың когнитивтік және вербалды дағдыларының дамығаны байқалған. Бұл оқушылар тіл және математика сабақтарында да тыңдау, сұрақ қою және дәлел келтіруде ерекше жетістіктер көрсеткен. Батыс елдерінде жүргізілген философия және балаларға қатысты жобалар бұл үдерістің табысты болуы үшін бірнеше маңызды элементтер қажет екенін атап көрсетті. Философиялық жобалардың сәтті болуы – мұғалімнің дұрыс таңдалуына, аптасына кем дегенде бір рет философия сабағының өткізілуіне, оқушыларға арналған сапалы әрі сәйкес материалдардың болуына, сонымен қатар білім беру мен басқару жүйесінің қолдауына тікелей байланысты. Сыныпты философиямен бір рет таныстырғаннан кейін оны жалғастыру үшін осы факторлар міндетті түрде сақталуы қажет. Әйтпесе, мұғалімдер де, оқушылар да бұрынғы дәстүрлі әдістерге қайта оралуы әбден ықтимал (Borresen, 2013).

Балаларға арналған философияның әлемдегі жағдайына байланысты ЮНЕСКО-ның ұсынған есебі бойынша әлемнің кейбір елдерінде балаларға арналған философия мектеп бағдарламасына ресми түрде енгізілген немесе енгізуге дайындық үстінде. Мысалы, Норвегияда балаларға арналған философия ресми түрде қолдау тауып, ғылыми қолданысқа енген. Ал Австралияда бұл пән бастауыш мектеп бағдарламасында өтіледі. Бұлардан тыс, балалар философиясына қатысты зерттеулер жүргізіліп жатқан көптеген елдер бар. Оларға мысал ретінде Германия, Аустрия, Бельгия, Канада, Испания, АҚШ, Франция, Италия, Норвегия, Чехия, Англия, Аргентина, Бразилия, Колумбия, Мексика, Чили, Перу, Уругвай, Венесуэла, Жапония, Малайзия және кейбір Африка мен Араб елдерін атап өтуге болады (Unesco, 2007).

Байқағанымыздай көптеген елдерде балаларға арналған философия бойынша түрлі тәжірибелер жүргізіліп, зерттеушілердің бұл тақырыпқа қызығушылық танытып отырғанын байқауға болады. Зерттеу тақырыптарының сан алуандылығы балалар философиясының аса өзекті зерттеу саласы екенін көрсетеді.

Әрбір елдің өзіндік дүниетанымы, мәдениеті, тарихы, тілі мен өзіндік философиясы болғаны тәрізді қазақ халқының да өзге халықтардан ерекшелейтін дүниетаны, тарихи тәжірибесі бар. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының философиялық дүниетанымының ерекшелігі — оның табиғатпен тығыз байланысында, әлемді тұтастықта түсінуінде. Сонымен қатар жазбаша емес, ауызша мәдениетте өмір сүрген халық үшін даналық сөздер, аңыз-қыссалар, мақал-мәтелдер, жыр мен термелер философиялық ойлаудың басты тәсіліне айналды. Сөз – таным мен тәрбие құралы болды. Қазақ философиясында көбіне өмірлік, моральдық-адамгершілік (ар-намыс, ұят, құт, обал-сауап т.б.) мәселелерге баса назар аударған. Жалпылама айтқанда батыс өркениеті көбіне категория мен формалды білімге арқа сүйесе, қазақ дүниетанымы — тәжірибе, дәстүр, ауызекі даналық, табиғи үйлесім мен рухани тереңдікке негізделді. Осы айтылған жәйттарды ескере отырып, қазақ қоғамында балалардың философиялық дүниетанымын дамытуда дәстүрлі әдістер мен ұлттық құндылықтарды үндестіру — ең тиімді жолдардың бірі екендігін айтуға болады. Сондықтан бүгінгі қазақ қоғамында берік философиялық мектеп қалыптастыру үшін алдымен баланы отбасы институнан және мектеп қабырғасынан философияға дайындау қажет. Осыған орай мынадай әдістер ұсынуға болады:

Мақал-мәтелдермен ой қозғау. Қазақтың терең мағыналы мақал-мәтелдерін талдау арқылы баланың ойлау, салыстыру, пайымдау, ұлттық рухани-танымдық қабілеттерін ашуға болады. «Бұл мақал не туралы?», «Қандай өмірлік жағдайларда қолдануға болады?», «Бұл мақал мен қазіргі заман арасында қандай байланыс бар?» деген секілді сұрақтар баланың мәнге бойлау, өз ойын дәлелдеу дағдыларын күшейтеді. Осылайша балада ұлттық сана мен философиялық көзқарас қатар дамиды.

Аңыз-ертегілерді философиялық тұрғыдан саралау. Философиялық бағытта жазылған балаларға арналған «Фундук қосылған шоколад дәмінде философия» (Kefeli, 2018), «Фистық қосылған шоколад дәмінде философия» (Kefeli, 2020). атты еңбектерінің авторы И. Кефели, философия пәніне қатысты оқушыларға оң көзқарас қалыптастыруы үшін олардың сезімдік қабаттарына, ішкі эмоциялық әлеміне әсер ету керек деп есептейді (Kefeli, 2011). Философ, аталған еңбегінде жеңіл тілмен грек аңыздарынан үзінділер келтіре отырып, Фалестен Сократқа дейінгі кезеңге баламен бірге философиялық сапарға аттанады.

Аңыз-қысса оқу арқылы баланың дүниетанымын қалыптастыру дәстүрі қазақ халқының отбасы институтында әу бастан бар дүние. Сондықтан осы әдісті қайта жандандырып, тарихи тұлғалар, батырлар мен данышпандар жайлы аңыз ертегілер оқу арқылы балада кеңістіктік, тарихи және рухани көзқарас қалыптастыруға болады. Бұл тәсіл баланың қиялы мен ойлау аясын кеңейтіп, тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Жыр-термелер арқылы әлеуметтік, философиялық, моральдық сұрақтар мен мәселелер көтеру. Жыр-термелер — қазақ халқының рухани-мәдени мұрасының ажырамас бөлігі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан даналық пен дүниетанымның көрінісі. Олар тек әдеби туынды ғана емес, сонымен бірге терең философиялық, моральдық, әлеуметтік мазмұнға ие тәрбиелік құрал. Асан Қайғы, Бұқар жырау секілді жыраулардың шығармалары әділдік, еркіндік, адамгершілік, ел бірлігі, жауапкершілік, ар-ождан тәрізді құндылықтарды көтере отырып, баланың санасында ұлттық рухты қалыптастырады. Мұндай термелерді тыңдату, талдау және мазмұнына философиялық тұрғыда үңілу — балалардың өмірге деген көзқарасын кеңейтіп, абстрактілі ойлауын, пайымдау қабілетін дамытады.

Дәстүрлі отбасы әңгімелері мен ақсақалдар сөзідері. Дәстүрлі қазақ қоғамында отбасы — тек бала тәрбиесінің емес, рухани-танымдық білімнің де негізгі ошағы болған. Отбасындағы үлкендер, әсіресе ата-әжелер мен ақсақалдар, өмірлік тәжірибелерін жас ұрпаққа әңгіме түрінде жеткізіп, олардың дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарған. Бұл әңгімелер арқылы бала тек өткенді танып қоймай, өмірдің мәні, жақсылық пен жамандық, адалдық пен әділет, мейірім мен махаббат сияқты рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгереді. Сонымен қатар, ақсақалдардың сөзінде шешендік өнер мен дауласу мәдениетінің жарқын үлгілері жатыр. Дала билері — Төле, Қазыбек, Әйтеке секілді тұлғалардың әділ әрі тапқыр шешімдері арқылы бала логикалық ойлауға, өз пікірін дәлелмен жеткізуге, түрлі көзқарастарға құрметпен қарауға үйренеді.

Осы дәстүрлі тәлім түрлерін балалар философиясы шеңберінде қайта жандандыру — қазіргі білім беру процесінде ұлттық рух пен танымдық тереңдікті қатар дамытуға мүмкіндік береді. Жеті ата, жеті қазына, тоғыз қадір тәрізді ұғымдарды талқылау — тек этнографиялық білім ғана емес, сонымен қатар баланың рухани-танымдық әлемін байыту құралы. Бұл ұғымдардың мәнін ашу арқылы бала өзінің шыққан тегіне, қоғамдағы орнына, моральдық жауапкершілігіне терең бойлайды. Аталған ұлттық құндылықтар — халықтың тарихи жадын сақтау мен мәдени құндылықтарын насихаттаудың маңызды құралы.

Қорытынды

Адам құқықтары, демократия, еркіндік, теңдік, әділдік пен төзімділік сынды ұғымдардың барлығы адам орталығында қарастырылып, әр адамның бейбіт әрі бақытты өмір сүруін мақсат етеді. Аталған ұғымдардың мағынасын түсініп, маңызын ұғыну — белгілі бір ойлау жүйесін қажет етеді. Бұл ойлау жүйесінің қалыптасуы философия арқылы жүзеге аспақ. Философиямен айналысудың басты құндылығы — адамның болмысына, өмірінің мәні мен себебіне қатысты терең сұрақтарды көтеруінде. Сократтың “Сұралмаған өмір сүруге татымайды” деген сөзіне сүйенсек, философия адам бойында өмірді ұғынып, мағынасын табуға деген терең ынта қалыптастырады (Warburton, 2016: 17–18). Философияны меңгеру — тұлғаның дүниеге түрлі қырынан қарай алуына, адамдар мен оқиғаларға төзімділікпен, түсіністікпен қарауына және пайдалы пікірталас жүргізуге

қабілетті болуына септігін тигізеді. Бұл дағдылар — тек теориялық білім емес, адамның күнделікті өміріне де тікелей әсер ететін өмірлік маңызды қабілеттер.

Қоғамдағы ауқымды өзгерістер көбіне шағын, бірақ мағыналы әрекеттерден басталады. Сол секілді әлеуметтік дамудың негізі де балалық шақта берілетін білім мен танымдық тәжірибеде жатыр. Баланың ересек өмірге дейінгі кезеңінде қалыптасатын мәдени болмысына философиялық ойлау жүйесін енгізу немесе оның табиғи философиялық қабілеттерін қолдап, дамыту — жеке тұлғаның жан-жақты жетілуіне және қоғамның сапалы өзгеруіне ықпал ететін маңызды фактор болып табылады.

Зерттеу жұмысында балалар философиясының мәні, тарихи негіздері, әдістемелік бағыттары мен білім берудегі рөлі жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар Сократтан бастау алған философиялық диалог дәстүрі, Леонард Нельсон мен Джон Дьюи сияқты ойшылдардың педагогикалық тұжырымдарымен жалғасып, Мэтью Липманның «Сұрақтау қауымдастығы» әдісінің қазіргі білім кеңістігіндегі маңызы көрсетілді. Сондай-ақ философиялық білімнің баланың адами-моральдық қасиеттерін, азаматтық ұстанымдарын және ұлттық санасын қалыптастырудағы рөлі айқындалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Akarsu, B. (1998). Felsefe Terimleri Sözlüğü. İstanbul: İnkılap. – S.247.
- Borresen, B. (2013). Philosophy for, with and of Children. Glina, M. B. (Ed.). Newcastle. UK: Cambridge Scholars Publishing. – P. 201.
- Çayır, N. (1995). Çocuklar İçin Felsefe Eğitimi Üzerine Nitel Bir Araştırma. Ankara: Hacettepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Doktora Tezi. – S. 270.
- Direk, N. (2020). Filozof Çocuk: Çocuklarla Felsefe Konuşmaları. İstanbul: Pan Yayıncılık. – S.112.
- Dombaycı, M. A. (2008). Türkiye’de Ortaöğretimde Felsefe Öğretiminin Değerlendirilmesi (Yayınlanmamış Doktora Tezi). Ankara: Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü. – S.233.
- Dewey, J. (2007). Deneyim ve Eğitim. (S. Akıllı. Çev.). Ankara: ODTÜ. – S. 112.
- Ergün, M. (2021). Eğitim Felsefesi. Ankara: Pegem Akademi Yayınları. – S. 322.
- Erkızan, H. N. (2002). Küreselleşmenin Tarihsel ve Düşünsel Temelleri Üzerine. Ankara Doğu Batı Dergisi. № 5 (18). – S. 61-75.
- Erdoğan, P. (2018). Çocuklarla Felsefe Yaklaşımın Düşünsel, Tarihi ve Sosyal Temelleri Üzerine Bir İnceleme (Yüksek Lisans Tezi). Ankara: Ankara Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü. – S.128.
- Girgin, Y. (2011). Cumhuriyet Dönemi (1929- 1930, 1949, 1981) Ortaokul Türkçe Öğretim Programlarının İçerik, Genel ve Özel Amaçlarıyla Karşılaştırmalı Gelişim Düzeyi. Adnan Menderes Üniversitesi Eğitim Fakültesi Eğitim Bilimleri Dergisi. – № 2 (1). – S. 11- 26.
- Günay, M. (2011). Felsefe Eğitimi ve Öğretimi Üzerine. Felsefe’nin Aynasında Siyaset. Özel Bölüm: İlk ve Orta Öğretimde Felsefe, Özne Dergisi. № 8 (15). – S.163-167.
- Gür, Ç. (2010). Çocuklarla Felsefe. Gündoğan, E. (Ed.). Civilacademy Journal of Social Sciences/Sosyal Bilimler Dergisi. № 8 (2). – S. 43-54.
- Gregory, M. (2008). Philosophy for Children: Practitioner Handbook. USA: IAPC Publication, Montclair. – P.162.
- İlhan Tunç, A. (2017). Çocuklarla Felsefe, Çocuk ve Medeniyet. № 2 (4). – S.71-90.
- Karakaya, Z. (2006). Çocuk Felsefesi ve Çocuk Eğitimi. Din Bilimleri Akademik Araştırma Dergisi. № 6(1). – S. 23-37.
- Kefeli, İ. (2018). Fındıklı Çikolata Tadında Felsefe. İstanbul: Bilge Kültür Sanat Yayınları. – S.264.
- Kefeli, İ. (2020). Fıstıklı Çikolata Tadında Felsefe. İstanbul: Robert Yayınları. – S.224.
- Kefeli, İ. (2011). Felsefe Öğretiminde Yeni Bir Model Arayışı: Ayşe Teyze’nin Çantası. Jean Baudrillard, Özel Bölüm: Felsefe Eğitimi ve Çocuklar İçin Felsefe, Özne Dergisi. № 8(14). – S.199-210.
- Koç, E. (2020). Felsefe Öğretimine Giriş. F. Manav (Ed.), Ana Hatlarıyla Ortaöğretimde Felsefe Grubu Öğretimi içinde (s. 3-16). Ankara: Pegem. – S. 361.
- Mitchell, S. (2006). Socratic Dialogue, The Humanities and the Art of the Question. Arts and Humanities in Higher Education. № 5 (2). – P.181-197.
- Noddings, N. (2020). Eğitim felsefesi. (R. Çelik. Çev.). Ankara: Nobel Akademik. – S. 304.

- Öner, N. (1999). Felsefe Yolunda Düşünceler. Ankara: Akçağ. – S.510.
- Özdemir, Ö. (2021). Felsefe Sınıfı. İstanbul: Nobel Akademik Yayıncılık. – S. 216.
- Sowey, M. (2013). Teaching philosophy to children ? It's a great idea. 27.09.2016. nov/21. <https://www.theguardian.com/commentisfree/2013/nov/21/teaching-philosophy-to-children-its-a-great-idea>
- Sormaz Öğüt, F. (2019). Felsefi Düşünmenin Önemi ve Çocuklar İçin Felsefe (Doktora Tezi). İstanbul: Maltepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. – S. 118.
- Socio, J. D. (2010). Felsefeye Giriş, çev., Karataş K.K. İstanbul: Kaknüs Yayınları. – S. 920 .
- Taşdelen, V. (2014). Felsefenin Gülümseyen Yüzü Çocuklarla Felsefe. Türk Dili Dergisi. № 14 (4). – S. 562-568.
- Taşdelen, V. (2007). Felsefe Eğitimi: Bir Yaşantının Peşinde. Ankara University Journal of Faculty of Educational Sciences. № 40 (1). – S. 277-294.
- Tozduman Yarah, K. (2020). Çocuklarla Felsefe Çalışmalarında Çocuk Edebiyatının Kullanılması: Leo Lionni'nin Kitapları. Uluslararası Çocuk Edebiyatı ve Eğitim Araştırmaları Dergisi. № 4 (2). – S. 67-83.
- Unesco (2007) Teaching Philosophy and Learning to Philosophize. United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization Social and Human Sciences Sector. Printed: in France 7, Place de Fontenoy. Paris, France.
- Ünsal, S. (2016). Orta Öğretim Felsefe Dersine Yönelik Öğretmen Görüşleri: Kazanımlar, Sorunlar ve Çözüm Önerileri. İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. № 5 (8), – S. 3171-3192
- Warburton, N. (2016) Felsefeye Giriş. İstanbul: Alfa. – S. 320.
- Weller, C. (2015) Schools are starting to teach kids philosophy and it's completely changing the way students think <http://www.businessinsider.com/teaching-philosophy-in-schools-has-huge-impacts-2015-7>).

REFERENCES

- Akarsu, B. (1998). Felsefe Terimleri Sözlüğü [Dictionary of Philosophical Terms]. İstanbul: İnkılap. – S.247. (in Turkish)
- Borresen, B. (2013). Philosophy for, with and of Children. Glina, M. B. (Ed.). Newcastle. UK: Cambridge Scholars Publishing. – P. 201. (in English)
- Çayır, N. (1995). Çocuklar İçin Felsefe Eğitimi Üzerine Nitel Bir Araştırma [A Qualitative Study on Philosophy Education for Children]. Ankara: Hacettepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Doktora Tezi. – S. 270. (in Turkish)
- Direk, N. (2020). Filozof Çocuk: Çocuklarla Felsefe Konuşmaları [The Philosopher Child: Philosophical Conversations with Children]. İstanbul: Pan Yayıncılık. – S.112. (in Turkish)
- Dombaycı, M. A. (2008). Türkiye'de Ortaöğretimde Felsefe Öğretiminin Değerlendirilmesi [An Evaluation of Philosophy Education in Secondary Schools in Turkey] (Yayınlanmamış Doktora Tezi). Ankara: Gazi Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü. – S.233. (in Turkish)
- Dewey, J. (2007). Deneyim ve Eğitim [Experience and Education.]. Çev. S. Akıllı. Ankara: ODTÜ. – S. 112. (in Turkish)
- Ergün, M. (2021). Eğitim Felsefesi [Philosophy of Education]. Ankara: Pegem Akademi Yayınları. – S. 322. (in Turkish)
- Erkızan, H. N. (2002). Küreselleşmenin Tarihsel ve Düşünsel Temelleri Üzerine [On the Historical and Intellectual Foundations of Globalization]. Ankara Doğu Batı Dergisi. № 5 (18). – S. 61-75. (in Turkish)
- Erdoğan, P. (2018). Çocuklarla Felsefe Yaklaşımının Düşünsel, Tarihi ve Sosyal Temelleri Üzerine Bir İnceleme [An Examination of the Intellectual, Historical, and Social Foundations of the Philosophy with Children Approach] (Yüksek Lisans Tezi). Ankara: Ankara Üniversitesi Eğitim Bilimleri Enstitüsü. – S.128. (in Turkish)
- Girgin, Y. (2011). Cumhuriyet Dönemi (1929- 1930, 1949, 1981) Ortaokul Türkçe Öğretim Programlarının İçerik, Genel ve Özel Amaçlarıyla Karşılaştırmalı Gelişim Düzeyi [Comparative Development Level of Content, General and Specific Objectives of Middle School Turkish Curriculum during the Republican Period (1929-1930, 1949, 1981)]. Adnan Menderes Üniversitesi Eğitim Fakültesi Eğitim Bilimleri Dergisi. – № 2 (1). – S. 11- 26. (in Turkish)

- Günay, M. (2011). Felsefe Eğitimi ve Öğretimi Üzerine. Felsefe'nin Aynasında Siyaset [On Philosophy Education and Teaching: Politics in the Mirror of Philosophy]. Özel Bölüm: İlk ve Orta Öğretimde Felsefe, Özne Dergisi. № 8 (15). – S.163-167. (in Turkish)
- Gür, Ç. (2010). Çocuklarla Felsefe [Philosophy with Children]. Gündoğan, E. (Ed.). Civilacademy Journal of Social Sciences/Sosyal Bilimler Dergisi. № 8 (2). – S. 43-54. (in Turkish)
- Gregory, M. (2008). Philosophy for Children: Practitioner Handbook. USA: IAPC Publication, Montclair. – P.162. (in English)
- İlhan Tunç, A. (2017). Çocuklarla Felsefe [Philosophy with Children]. Çocuk ve Medeniyet. № 2 (4). – S.71-90. (in Turkish)
- Karakaya, Z. (2006). Çocuk Felsefesi ve Çocuk Eğitimi [Children's Philosophy and Child Education]. Din Bilimleri Akademik Araştırma Dergisi. № 6(1). – S. 23-37. (in Turkish)
- Kefeli, İ. (2018). Fındıklı Çikolata Tadında Felsefe [Philosophy with the Taste of Hazelnut Chocolate]. İstanbul: Bilge Kültür Sanat Yayınları. – S.264. (in Turkish)
- Kefeli, İ. (2020). Fıstıklı Çikolata Tadında Felsefe [Philosophy with the Taste of Pistachio Chocolate]. İstanbul: Robert Yayınları. – S.224. (in Turkish)
- Kefeli, İ. (2011). Felsefe Öğretiminde Yeni Bir Model Arayışı: Ayşe Teyze'nin Çantası [A Search for a New Model in Philosophy Teaching: Aunt Ayşe's Bag]. Jean Baudrillard, Özel Bölüm: Felsefe Eğitimi ve Çocuklar İçin Felsefe, Özne Dergisi. № 8(14). – S.199-210. (in Turkish)
- Koç, E. (2020). Felsefe Öğretimine Giriş [Introduction to Philosophy Teaching]. F. Manav (Ed.), Ana Hatlarıyla Ortaöğretimde Felsefe Grubu Öğretimi içinde (s. 3-16). Ankara: Pegem. – S. 361. (in Turkish)
- Mitchell, S. (2006). Socratic Dialogue, The Humanities and the Art of the Question. Arts and Humanities in Higher Education. № 5 (2). – P.181-197. (in English)
- Noddings, N. (2020). Eğitim felsefesi [Philosophy of Education]. (R. Çelik. Çev.). Ankara: Nobel Akademik. – S. 304. (in Turkish)
- Öner, N. (1999). Felsefe Yolunda Düşünceler [Thoughts on the Path of Philosophy]. Ankara: Akçağ. – S.510. (in Turkish)
- Özdemir, Ö. (2021). Felsefe Sınıfı [Philosophy Classroom]. İstanbul: Nobel Akademik Yayıncılık. – S. 216. (in Turkish)
- Sowey, M. (2013). Teaching philosophy to children ? It's a great idea. 27.09.2016. nov/21. <https://www.theguardian.com/commentisfree/2013/nov/21/teaching-philosophy-to-children-its-a-great-idea>
- Sormaz Ögüt, F. (2019). Felsefi Düşünmenin Önemi ve Çocuklar İçin Felsefe [The Importance of Philosophical Thinking and Philosophy for Children]. (Doktora Tezi). İstanbul: Maltepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. – S. 118. (in Turkish)
- Socio, J. D. (2010). Felsefeye Giriş [Introduction to Philosophy]. çev., Karataş K.K. İstanbul: Kaknüs Yayınları. – S. 920. (in Turkish)
- Taşdelen, V. (2014). Felsefenin Gülümseyen Yüzü Çocuklarla Felsefe [The Smiling Face of Philosophy: Philosophy with Children]. Türk Dili Dergisi. № 14 (4). – S. 562-568. (in Turkish)
- Taşdelen, V. (2007). Felsefe Eğitimi: Bir Yaşantının Peşinde [Philosophy Education: In Pursuit of an Experience]. Ankara University Journal of Faculty of Educational Sciences. № 40 (1). – S. 277-294. (in Turkish)
- Tozduman Yarah, K. (2020). Çocuklarla Felsefe Çalışmalarında Çocuk Edebiyatının Kullanılması: Leo Lionni'nin Kitapları [The Use of Children's Literature in Philosophy Activities with Children: The Books of Leo Lionni]. Uluslararası Çocuk Edebiyatı ve Eğitim Araştırmaları Dergisi. № 4 (2). – S. 67-83. (in Turkish)
- Unesco (2007) Teaching Philosophy and Learning to Philosophize. United Nations Educational. Scientific and Cultural Organization Social and Human Sciences Sector. Printed: in France 7, Place de Fontenoy. Paris, France. (in English)
- Ünsal, S. (2016). Orta Öğretim Felsefe Dersine Yönelik Öğretmen Görüşleri: Kazanımlar, Sorunlar ve Çözüm Önerileri [Teachers' Views on Secondary School Philosophy Classes: Gains, Problems, and Solution Proposals]. İnsan ve Toplum Bilimleri Araştırmaları Dergisi. № 5 (8), – S. 3171-3192. (in Turkish)
- Warburton, N. (2016) Felsefeye Giriş [Introduction to Philosophy]. İstanbul: Alfa. – S. 320. (in Turkish)